



SAPAR

## ЖАППАЙ КӘСІПКЕРЛІК: НАСИХАТ ЖЕТКІЛІКТІ, ЕНДІ НӘТИЖЕ СҰРАЛАДЫ



Өткен сенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың Жаңақорған және Шиелі аудандарына жұмыс сапарында көшпелі жиын өткізіліп, онда облыста жарияланған «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» аясында атқарылып жатқан жұмыстар сараланды. Жиынға кәсіпкерлікті дамыту бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен қаржы институттарының өкілдері қатысты. Аудан, ауыл әкімдерінің, сондай-ақ, осы жұмыстарға тікелей жауапты мамандардың есебі тыңдалды.

Жаңақорған ауданында өткен жиында аудан әкімі Ғ.Әміреев жергілікті мамандар Қырғызстан мен Өзбекстанның жылжымайтын бизнесін дамыту бойынша, сондай-ақ, Қазақ картпоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты мен өзге де салалық ұйымдардың озық тәжірибелерін енгізуді қолға алып отырғанын айтты. Одан бөлек, ауыл жастарының «Zhasproject» стартап-жобаларды қолдау бағдарламасына қатысып, өз ісін бастауына жағдай жасалуда. – Жаппай кәсіпкерлікті қолдаудан негізгі күтілетін нәтиже, біріншіден, тұрақты жұмыс

орындары ашылады. Екіншіден, салық базасы ұлғайып, бюджет кірісі артады. Үшіншіден, қоғамда әлеуметтік тұрақтылық қалыптасады. Сол себепті біз осы бағдарламаны барынша тиімді пайдаланып, аталған нәтижеге қол жеткізіміз керек. Осы уақытқа дейін насихат шаралары жеткілікті деңгейде жүргізілді. Оған қоса, «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету» орталығы ашылып, жұмыс жасап жатыр. Әрбір ауылдық округ бойынша кәсіпкерлік бастамаларына көмек беретін жауапты адамдар бекітілді. Енді тек нәтиже сұралады, – деді облыс әкімі жиында.

Осы орайда аймақ басшысы облыста жарияланған «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылының» қорытындысы бойынша 8 үздік стартап-кәсіпкерге 1 миллион теңге көлемінде сый-ақы беру жөнінде шешім қабылданып отырғанын айтты. Алайда қолға алынған жұмыстардан нақты нәтижесі болуы керек. Жауапкершілік қатаң сұралады. Сонымен қатар, өңірдің ерекшелігіне сәйкес отбасылық бизнесті дамыту, заман сұранысына сай креативтік жобаларды жүзеге асыруға талпыныс жасау қажет. Облыс әкімінің төрағалығымен Шиелі ауданында өткен көшпелі жиында аудан әкімі Әшім Оразбекұлы және ауыл әкімдері кәсіпкерлікті дамытудағы жұмыстарды баяндады.

Шиелі ауданында осы жылдың 1 мамырына 4658 шағын және орта бизнес субъектілері тіркелген, оның ішінде белсенділері 3456. Өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда жұмыс жасап тұрған шағын

және орта бизнес субъектілерінің саны 12,8 процентке артқан. Жыл басынан бері конкурстық комиссия тарапынан жалпы құны 15,3 млн теңге 24 стартап-жоба мақұлданып, «Өңірлік инвестициялық орталығы» ұйымы арқылы жалпы құны 117,1 млн теңге болатын 31 жоба қаржыландырылған.

Жалпы облыста шағын және орта бизнес кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандардың саны осы жылдың 1 қаңтарына 84250 адам болса, шығарылған өнім көлемі 302,186 млрд теңгені құрады. Ал қаңтар-сәуір айларында аймақта 2476 жеке кәсіпкер, 78 шаруа қожалығы және 240 ЖШС құрылған. Сондай-ақ, өңірде «Бастау-Бизнес» бағдарламасы аясында 1600 адамды оқыту жоспарланса, одан бөлек, 800-ге жуық кәсіпкер «Бизнес-Кеңесші» жобасы аясында оқытылатын болады. Бүгінгі күні облыс бойынша 1171 адам оқу бітіріп, кәсібін бастауға ниет білдірген.

Аталған жұмыстар нәтиже-

сінде, облыста 40 мыңға жуық нақты жұмыс істейтін шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген, демек бұл көрсеткіш 2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 10,8 процентке артқанын аңғартуға болады.

Сапар барысында облыс әкімі «Думан-Шиелі» ЖШС арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының жұмысымен танысты.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында ашылған әлеуметтік қызмет көрсету орталығы жыл басынан бері аудан тұрғындарына қызмет жасап келеді. Қазіргі таңда орталықта 50 зейнеткер және 53 мүмкіндігі шектеулі бала тиесілі әлеуметтік көмекпен қамтылған. Өзіміз куә болғандай, үш қабатты еңселі ғимаратта барынша қолайлы жағдай жасалған. Арнайы жабдықталған жаттығу залдары, ем алу бөлмелері, спорттық ойын түрлері ұйымдастырылған. Жобаның құны 122,3 млн теңге, 54 адамды жұмыспен қамтылып отыр.

Аймақ басшысы орталықтың қызметіне жүгінген зейнеткерлермен жүздесіп, емен-жарқын пікірлесті.

Осы күні Тартоғай ауылында 90 орындық «Құлагер» балабақшасы ашылды. Балалардың болашағы үшін жасалған игілікті іске ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы А.Әлсейітов тұрғындар атынан алғысын білдірді. Балабақша 2007 жылдан бері жұмыс жасайды. Бұрын ауылдық мектептің ескі ғимаратына орналасқан балабақшаның жаңа нысанға көшуі көптің қуанышына айналды.

Сондай-ақ осы ауыл тұрғыны Нағашыбай Өркенбайұлы «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорынан» және «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан жалпы көлемі 5 млн теңге несие алып, 2016 жылы наубайхана жұмысын бастаған болатын. Бүгінгі таңда мұнда күніне 250-300 бөлке нан және өзге де нан өнімдері шығарылады. Кәсіпкер Тартоғай, Майлытоғай және Қоғалы ауылдарының сұранысын қамтамасыз етіп отыр.

«QAZAQSTAN-2050»

## ОЗЫҚ 30 ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНА ЕНУДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҚАНДАЙ?

Иә, тәуелсіз Қазақстан өз алдына осындай ауқымды міндет қойып отыр. Жаһандық бәсекеде биік межеден көріну үшін, біз, әлбетте, халықаралық өмір сүру нормалары талаптарына сай еңбек етуіміз қажет. Біз бүгін осы талаптарды қаншалықты еңсеріп жүрміз? Дамыған елдердің қатарына қосылу мүмкіндігіміз қандай? Ол үшін біз қандай шарттарға жауап беруіміз қажет? Бұл орайда Қазақстан Ұлттық экономика вице-министрі Мадина Жүнісова ел дамуының маңызды аспектілерінен мынадай дәйектемелер келтіреді.

Еліміздің 2025 жылға дейінгі стратегиялық жоспарының түбегейлі міндеті – ұлттық экономиканың мақсатты өсу траекториясына шығуы және оның құрылымын әлемдік экономиканың өсу қарқынын бақып отыратын ІЖӨ-нің орташа өсу қарқынын өзгерту болып табылады. Бұл бізді жаңа экономикалық шындық кезеңіндегі «үздік отыздыққа» сенімді түрде жеткізеді.

стратегиялық жоспарға сапалы даму драйверлеріне көшуді және дамудың нарықтық тетіктерін күшейтуді көздейтін экономикалық дамудың жаңа моделі негіз болып отыр.

Жаңа модельге көшу еліміздің 2025 жылға дейінгі экономикалық және әлеуметтік өміріндегі өзгерістердің негізгі бағыттарындағы реформалармен ілесіп жүреді. 7 жүйелі реформа Жаңа адами капитал, Әлем индустриялық кеңістіктегі даму кезеңіне аяқ басқан кезде басты стратегиялық ресурс сапалы адами капитал болады. Енді 5-7 жылда экономика 20-25% ақылды жұмыс орны мен маман қажет етеді. Бұл сын-қатерлерге жауап ретінде бізде сапалы адами капиталды дамыту үшін тиісті қадамдар жасалған. Олар «Болашақ» бағдарламасы, QS рейтингінде көрсетілген 8 қазақстандық ЖОО, «Назарбаев Университеті», Назарбаев зияткерлік мектебі жүйесі болып табылады. Осыған байланысты тиісті реформа аясында экономика мен мемлекеттің қазіргі және болашақтағы жоғары білікті кадрларға сұранысын қамтамасыз ету міндеті тұр. Жалпыұлттық электронды еңбек біржасасын, жұмыспен қамту орталықтарын автоматтандырудың және оларды жеке салаға сенімді басқаруға берудің есебінен еңбек нарығының айқындығын арттыру және оның инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жалғаса береді.

Технологиялық жаңару және цифрландыру барынша маңызды болып табылады. Болашақ пен технологиялар біртұтас. Тек заманауи технологиялар ғана жұмыс істеп жатқан салаларға жаңа серпін беріп, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Жаппай цифрландырудың және технологиялық қайта қарақтандырудың есебінен сапалы экономикалық өсімді қамтамасыз ету жолындағы басты бөгет – төмен еңбек өнімділігі еңсеру міндеті тұр.

2-бет

### АШЫҚТЫҚ АЛАҢЫ



2

### ДӘРІГЕР ДӘРУІ




### ҰЛЫ КӨШТІҢ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚЫШҚАЛА



4

MÁMILE



## «ЖАСЫЛ» ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының басшысы Рәпіл Жошыбаевпен кездесті.

Бұл орталық Қазақстанда «жасыл» технологияларды енгізудің драйвері болып, Орталық Азияның климаттық жағдайында технологияларды локализациялау үшін институционалды базаны дамытуды және инвестиция тартуды қамтамасыз етуі тиіс. Аз ғана уақыт ішінде орталық Австрия, Германия, Дания, Ресей, Қытай, АҚШ, Жапония және Корея сияқты мемлекеттердің алдыңғы қатарлы «жасыл» ұйымдарымен келісімге қол жеткізді.

– «Жасыл» экономикаға өту жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес, облыста 7 бағытта жұмыс атқарылып жатыр. Облыс-

тық бюджеттен Қазалы және Қармакшы аудандарында қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салуға қажетті қаражат бөлінді. Өздеріңіз білетіндей, Елбасының Жолдауынан туындаған басты міндеттерінің бірі – инвестицияларды тарту. Осы мақсатта облысымызда барлық қызметтерді бір жерден алуға мүмкіндік беретін біріңғай Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. 2018 жылдың 5 айында негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі 15,4 процентке өсіп, 65,9 млрд теңгені құрады, – деді аймақ басшысы.

2-бет



Қызылорда қаласында қауіпсіздікке арналған гидроизоляциялық қорғаныш қаскаларын шығаратын шағын цех іске қосылып, жаңашыл жоба сәтті жүзеге асырылуда. «NP Consulting» ЖШС қолға алған өндіріс өз тұтынушыларын тауып, облыс аумағында ғана емес, еліміздің барлық өңірлеріне тапсырыспен өнім шығаруда. Тұтынушылардың басым көпшілігі – мұнай және құрылыс компаниялары. Өндіріс «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірегей бағдарламасы аясында қолдау тауып, қуатын арттырып отыр.

## «ДАМУДЫҢ» ДЕМЕУІ

«NP Consulting» ЖШС бизнесін дамытуға «БанкЦентр Кредит» АҚ-дан 14%-пен несие рәсімдеп, оның проценттік үстемесін «БЖК – 2020» бағдарламасы шеңберінде екі есеге дейін арзандату мүмкіндігіне қол жеткізді. Сонымен қатар, кәсіпорын несие рәсімдеу барысында кепіл мүлкі жетіспеушілігі мәселесін «Даму» қорының жартылай кепілдендіру құралының арқасында шешіп отыр.

Несие қаражатын кәсіпорын жаңа қондырғы алуға бағыттап, өндірілетін өнім түрін арттырды. Серіктестік жаңа қондырғымен қолданушыға қасқаны бастан шешпестен, оңай, әрі бірсарынды

реттеуге мүмкіндік беретін шаппа механизмді қорғаныш қасқаларын шығаруды қолға алды. Мұндай қасқаның тағы бір ерекшелігі, жұмысшы биікте атқарылатын жұмыс барысында еңкейгенде, бастан жылжып немесе түсіп кетпейтін, ыңғайлы болып келуінде.

Серіктестік басшысы Ғалым Прекешовтың айтуынша, қорғаныш қасқалары неміс технологиясымен отандық шикізаттан өндіріледі. Сонымен қатар, өңірімізде бәсекелес жоқ кәсіпорын саналады.

– Жаңашыл бизнесті жүзеге асырудың өзіндік қиыншылықтары мен ерекшеліктері бар. Инновацияның ең басты

артықшылығы, нарықта бәсекелестердің болмауы. Бірақ бұл ерекше фактор кәсіпкерге бірден табыс әкелмейді, бастысы өндірілген өнімнің жоғары сапалы болуында. Тұтынушыға қолжетімді бағада, жоғары сапалы өнім ұсынсаң, осы қағида сені жетістікке жетелейді. Сонымен қатар, кәсібің табысты болсын десең, оған уақытылы қаржы құю қажет. Ал бұл мәселені біз мемлекеттік бағдарламаға қатысу арқылы оңтайландыра алдық, – дейді Ғалым Прекешов.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,  
«Сыр бойы».



БАСПАСӨЗ – 2018

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2018 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу науқанының аяқталуына санаулы күн қалды.

Облыстық «Сыр бойы» газетінің жазылу бағасы:  
жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге, 12 айға – 6000 теңге.  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ-65460.  
Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге, 12 айға – 8000 теңге.  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 15460.

Ел және жаһан  
жаңалықтарын, жедел әрі  
нақты ақпаратты газет  
сайтынан да таба аласыз.



Баспасөзге жазылу бойынша 40-05-81 телефонына хабарласуға және ондағы мамандардың жазылу жүргізу қызметін үйден пайдалануға болады.



# «ЖАСЫЛ» ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Мәселен, энергия үнемдеу бағытында қызу шамдары жарық үнемдегіш шамдармен ауыстырылуда. Нәтижесінде көшені жарықтандыруға жұмсалатын электр шығыны 12%-ке азайды. Тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеуші компаниялар жарамсыз көлік доңғалақтарын қайта өңдеу арқылы одан тротуар плиталары мен черепица шығарып, резеңке ұнтағы мен тамшылатып суару үшін пайдаланылатын жерасты құбырының өндірісін қолға алды. Соңғы 3 жылда облыстық бюджеттен қалдықтар полигонының құрылысына 67 млн теңге бөлінді.

Сонымен қатар, өңірде Халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесінде таныстырылған 7 технологияны қолданысқа енгізу бағытында тиісті шаралар жүргізілуде. Атап айтсақ, атом (уран) өнеркәсібі саласында – 4 технология («Қызылқұм» ЖШС, «РУ-6» ЖШС, «Байкен-У» ЖШС, «Семізбай-У» ЖШС), экология саласында – 2 технология («Барсакелмес» қорығы, орман шаруашылығы), тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында – 1 жоба (КЭТК). Биылақпанында «Қызылорда электр тарату тораптары» АҚ мен «Siemens» компаниясы электр энергиясы шығынын азайтуға мүмкіндік беретін технология енгізу жөнінде келісім жасасты.

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕ АҚ басшысы Рәміл Жошыбаев «жасыл» және жаңартылмалы қуат көздері, қуат тиімділігі мен қуатты үнемдеу, қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару, тұрғын үй-коммуналдық шаруашы-



лығы мен ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдармен әріптестік орнатудың маңыздылығын атап өтті.

– «Жасыл» технологиялар реестрін қалыптастыру және жүргізу, ал жергілікті атқарушы органдармен өзара әрекет ету аясында өңірлік «жасыл жобалар картасын» әзірлеу жоспарланып отыр. Бұл жұмыс аймақтардағы әлеуеті төмен көміртекті жобаларды анықтап, «жасыл» жобаларды іріктеу әрі жүзеге асыру мақсатында бизнес үшін тұғырнама жасақтауға жол ашады, – деді ол.

Жиын соңында облыста «жасыл» технологияларды енгізу және инвестиция, оның ішінде халықаралық инвестиция тарту жөнінде меморандум қабылданды. Меморандум тұрақты даму, экология, «жасыл» энергетика мен жаңартылмалы қуат көздері, қуатты үнемдеу және тиімді пайдалану, цифрландыру, қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы саласында жобаларды жүзеге асыру мәселелері бойынша өзара әрекет етуді көздейді.

Қызылорда облысына жұмыс сапары аясында делегация мүшелері Сырдарияның сол жағалауындағы жаңа қала нысандарын, автокөлік шиналарын өңдеумен айналысатын «Смарт Раббер» ЖШС және облыс орталығының бірқатар өндірістік, әлеуметтік және мәдени нысандарын аралады.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы».

## SEMINAR

«Арал маңындағы жер ресурстарын орнықты пайдалану және биоаулантүрлілігін сақтау». Бұл тақырып аймақтық ғылыми-практикалық семинарға арқау болды. Оның жұмысына Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар әлемі комитеті, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Арал, Қазалы ауданы әкімдіктері, пилоттық жобаға қатысушы шаруашылықтар мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдері қатысты.

## Табиғатты түлетуде аянбаған абзал

Шараны Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының биоаулантүрлілікті сақтау жөніндегі жобаларының менеджері Талғат Кертешов жүргізіп отырды. Ол БҰҰДБ мен ҚР Үкіметінің 2013 жылдан бері Қазақстанның 3 аймағында шөлді экожүйелердің репрезентативті учаскелерін ерекше қорғалатын табиғи аймақтар экожүйесіне қосуға, құнарлы ландшафтарды орнықты пайдалану тетіктерін іске асыруға және жергілікті қоғамдастықтарды биоаулантүрлілікті сақтауға бағытталған бірлескен жоба жүзеге асырылып келе жатқанын атап өтті. 2013 жылдың қыркүйек айында Қазақстанның Үстірт, Арал-Сырдария, Іле-Балқаш жобалық аумақтарында басталған бағдарлама алдағы тамыз айында аяқталады. Бағдарламаға Ғаламдық экологиялық қоры 4 млн 365 мың доллар, Қазақстан үкіметі 9 млн доллардан астам, БҰҰ- гранты есебінде 60 мың доллар қаржы бөлінді.

Осы уақыт аралығында бағдарлама аясында Арал-Сырдария жобалық аумағында жүргізілген жұмыстардың маңызы зор болғанын облыстық орман шаруашылығы және жануарлар әлемі аймақтық инспекциясы басшысының орынбасары Марат Нұрмағамбетов облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Шәменов, Арал аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Сәбит Нұрғалиев өз сөздерінде мәлімдеді. Осы бес жыл мерзім ішінде бірлесіп атқарылған 15 жоба Арал өңірінің экологиясын одан әрі жақсартуға өзіндік үлес қосты.

География және табиғат пайдалану институтының геоақпараттық картография және модельдеу орталығының басшысы Нұрлыбек Зинабдин және БҰҰДБ менеджері Т.Кертешов жердің құлазуымен күрес саласындағы нәтижелі жұмыстар жайын баяндады. Арал аймағында фитомелиоративті аймақтарды және халық қоныстанған жерлерді жасылдандыру үшін орман питомнигі құрылып, құраған теңіз табанында, елді мекендер аумағында 3 млн дана сексеуіл, 20 млн дана қылқан жапырақты ағаштар отырғызылған. Жасыл екпелер теңіз табанындағы тұздық көтерілуін азайтумен қатар ауылдық елді мекендер шетіндегі құмға да тосқауыл болуда. Арал питомнигін қалпына келтіруде Оңтүстік Корея мемлекеті берген қаржы көмек болған. «Барсакелмес» қорығы мен Арал-Сырдария аймағында құландардың, қарақұйрық пен ақбөкендердің көбеюіне де осы бағдарлама өз септігін тигізді. Сонымен бірге облыста жылына 10 млн дана балық аулану үшін инкубациялық жүйе құрылды. Жоба аясында Арал ауданында су каналдарын құжаттандыру мәселесі де шешімін таба бастады. Өйткені аудан көлеміндегі су каналдарының құжаттары болмауынан Су комитеті су беруге рұқсат етпей келген еді.

Бағдарламаның үшінші бағыты жергілікті халықпен жұмыс істеуге арналған. Осы бағытта шаруа қожалықтарында пилоттық жобалар аясында жұмыс жасалып, 5 мыңнан астам мал басын сумен қамтамасыз ету үшін су станциялық бекеттер орнатылды. Аралқұм, Аманөткел елді мекендерінде жылжыжайлар салынды. Шағын күн жел станциялары мен су жылыту қондырғылары іске қосылды. Шаруашылықтарда тамшылатып суару әдісі енгізіліп, суды үнемдеумен қатар өнімділіктің артуына да септігін тигізуде. Сонымен қатар, тұрғындарға экологиялық білім беру мәселесі ұмыт қалған жоқ.

Семинарға қатысушылар мұнан соң Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ-дың пилоттық учаскесіндегі тамшылатып суару әдісімен және «Байқадам» су торабындағы суды үнемдеу, сол секілді есепке алудың автоматтандырылған жүйесімен танысты.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,  
«Сыр бойы».

## ДАРА ӨНЕРДІҢ ДАҢҚЫ ӨШПЕЙДІ

Жаңақорған ауданындағы жұмыс сапарында облыс әкімі Қ.Көшербаев Кеңес ауылындағы Т.Әбдірашев атындағы №239-орта мектепте болды. ҚР халық артисі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, дирижер Төлепберген Әбдірашевтің туғанына 70 жыл толуына арналған «Қазақ мәдениетіндегі классикалық музыка және Төлепберген Әбдірашевтің мұрасы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, сөз сөйледі.

– XX ғасырдың 70-ші жылдарында қазақтың классикалық музыка дәуірінің жаңа бір парағы ашылды десек болады. Ғажайып өнердің көрнекті өкілі болған жерлесімізге Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиев, «Төлепберген – қазірдің өзінде әлемдік өнердің інжу-маржан тұлғасы» деп баға

берген еді. Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен өзі оқыған №239 орта мектепке Төлепберген Әбдірашевтің есімі беріліп, қоғамдық негіздегі музейі ашылды. Болашақта мектеп алдына оның ескерткіші қойылады. Одан бөлек, Сырдарияның сол жағалауында салынып жатқан жаңа қаладағы көшелерінің біріне Т.Әбдірашевтің есімі берілмек, – деді аймақ басшысы. Сондай-ақ, облыс әкімі Сыр өңірінің алтын қазынасы – жыршылық өнерді жас ұрпаққа насихаттау, түркі халықтарының ұлттық фольклорлық-музыкалық өнерін дәріптеу және өзара мәдени байланысты нығайту мақсатында халықаралық «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» фольклорлық-музыкалық өнер фестивалі дәстүрлі түрде өткізіліп келетінін, сондай-ақ, алдағы уақытта «Қазақ дәстүрлі өнер академиясын» ашу жоспарланып отырғанын атап өтті.

Конференцияда сөз алған Төлепберген Әбдірашевтің ұстазы, Қазақстан Республи-касына еңбегі сіңген қайраткері

Меруерт Қаленбаева талантты өнер иесін ұрпақ алдында ұлағаттау бағытында туған өңірінде атқарылып жатқан жұмыстарға алғысын білдірді. Шарада Қазақстанның Халық артисі А.Қоразбаев Т.Әбдірашевпен бірге өткен студенттік күндердің қызықты сәттерін еске түсірді. Сөзінің соңында Т.Әбдірашев 1987- 2007 жылдар аралығында, яғни өмірінің соңына дейін көркемдік режиссері әрі бас дирижері қызметін атқарған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік академиялық симфониялық оркестріне оның есімі берілсе деген ұсынысын жеткізді.

Айта кетейік, бүгінде дара өнер иесінің жолын талантты шәкірттері жалғастырып, қазақтың жауһар туындыларын әлемдік деңгейде насихаттауға қызмет етіп келеді.

Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»,  
Жаңақорған-Шиеді аудандарынан.

## QOƒAMDYQ KEÑES

Қоғамдық кеңес – мемлекет қабылдайтын шешімдердің жариялы, ашық болуын қамтамасыз ететін консультативтік-кеңесші, әрі бақылаушы орган. Бүгінде бұл құрылым халықтың көкейіндегісін билікке тікелей жеткізуге септесіп жүр. Жақында «Достық үйінде» кеңес мүшелері кезекті рет бас қосып, атқарылуы тиіс шаралар төңірегінде ой қозғады. Көптің көңілінде жүрген бірқатар ұсыныс-тілектерді жеткізіп, оларды шешу жолдарын бірге қарастырды.

## АШЫҚТЫҚ АЛАҢЫ

Бірінші кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы талқыланды. Жиын барысында облыстық жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Қанат Нұрманов баяндама жасап, заң жобасына енгізілген өзгерістерді, оның маңыздылығын тарқатып айтты.

– Заң жобасы ҚР Президентінің «Жер заңнамасының кейбір нормаларын қолдануға мораторий енгізу туралы» 2016 жылғы 6 мамырдағы №248 Жарлығына сәйкес құрылған Жер реформасы жөніндегі комиссияның ұсыныстарын іске асыруға бағытталған. Құжатта халық та, комиссия мүшелері де қолдау білдірген жерді 49 жылға жалға беру институтын сақтап қалу, жерді жалға беруде ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету, қазақстандықтарға жалға беруде жердің шекті мөлшерін белгілеу, конкурстарға қатысушыларға тең құқықтық мүмкіндіктер беру тәрізді маңызды мәселер ескерілген. Қолданыстағы заңда жердің мөлшеріне шектеу тек жекеменшікке сатылатын аумақтар мен шетелдіктерге байланысты баптарда ғана бар еді. Ендігі өзгеріс көлемді жер телімдерінің бір қолға өтіп кетуінің алдын алады. Сонымен қатар мүдделі тараптардың

ұсыныстары негізінде шекараға жақын учаскелерді беру тәртібі күшейтілген, – деді Қ.Нұрманов.

Балаларға тиімді демалыс ұйымдастыру, бейімділігіне қарай үйірмелер жұмысын жалғастыру мәселесі де шет қалмады. Отырыста облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Ақира Қасымова биыл жазғы демалыс бірнеше бағытты қамтитынын айта келе, олардың демалыс маусымын лагерлерде жоғары деңгейде ұйымдастыру ісі қолға алынғанына тоқталды. Мәліметтерге сүйенсек, облыстың білім беру мекемелеріндегі 1-10 сыныптағы 136200 оқушы облыс және республика аумағындағы жазғы тынығу лагерлерінде демалып, спорт клубтары мен түрлі үйірмелерде бос уақытын тиімді өткізеді. Оның ішінде 9 жазғы тынығу лагері 7 ауысымда демалушыларды қабылдаса, 111200 бала мектеп жанындағы жазғы лагерлерге барады. Бұдан бөлек, оқушылар үшін аймақтың көрікті жерлеріне экскурсия мен түрлі спорттық-танымдық секциялар мен үйірмелер жұмысы ұйымдастырылады екен.

Кездесу соңында кеңес мүшелері ашық алаңды пайдалана отырып, ұсыныс-тікірін ортаға салды.

М.СНАДИҢҚЫЗЫ.

## ӘБІЛАЗОВТІҢ ЖОСПАРЛАНҒАН МИТИНГТЕР ТУРАЛЫ АРАНДАТУ ҮГІТТЕУЛЕРІ ЗАҢСЫЗ

Интернетте және әлеуметтік желілерде Әбілазов және ДБК экстремистік қозғалысының басқа да өкілдері арандату бейнероликтерін таратуда, онда олар Қазақстан халқын 23 маусымда митингтерге келуге және ДБК-ның идеяларын қолдауға үгіттеуде.

Бас прокуратура бұл бейнероликтерде «қазақстандық тәрбиешілер

мен жұмысшылар» рөлін Киев қаласының кәсіби актерлары мен Әбілазовтің туысқандары ойнағандығын анықтады.

Сонымен қатар, қадағалаушы орган митингтерге қатысуға шақыру үгіттеулер «Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен

өткізу тәртібі туралы» Заңның ережелерін тікелей бұзатынын мәлімдейді.

Ашық акцияларды өткізу үшін оны өткізуді белгілеген мерзімнен 10 күн бұрын тиісті арыз бере отырып, жергілікті атқарушы органның рұқсатын алу қажет.

Осыған байланысты, прокурорлар митингтер заңсыз болып табы-

# ОЗЫҚ 30 ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНА ЕНУДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҚАНДАЙ?

Мемлекет бұрынғысынан нарықта маңызды рөл атқарады – ДЖӨ-дегі жалпы қосылған құнның үлесі 18,6%-ке дейін жетті. Үкіметтің бизнесті қайта реттеу бойынша қабылдаған шаралары Қазақстанның өз көрсеткіштерін 14 тармаққа жақсартатырып, 2018 жылы Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингінде 36-орынды иеленуіне мүмкіндік берді. Мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуын шектеуге және олардың тізбесін 47%-ке, яғни 652-ден 346-ға қысқартуына мүмкіндік беретін Yellow Page халықаралық қаридары енгізілді. Аталған реформаның көмегімен жеке секторды жандандыруға, жекешелендіру мен бәсекелестікті дамытуға, мемлекеттің бизнеске қатысуы мен бөгеттерді азайтуға беталысы жалғаса береді. Шағын, орта кәсіпорындарды дамытуға басымдық беріледі. Экспортқа бағдарлану бағыттарын дамытуға ерекше назар аударылады.

Құқықтық мемлекет және сыбайласжемқорлыққақарсыіс-қимыл. Дүниежүзілік экономикалық форум заңның сақталуы мен сыбайлас жемқорлықты болдырмауды экономикалық өсімге әлдеіур әсер ететін фактор ретінде атап көрсетті. Осыған байланысты соңғы жылдары Қазақстанда заңның үстемдік құруы мен сыбайлас жемқорлықты түптамырымен құртуды қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыс жүргізілді. Бұл көрсеткіштерді тиісті индикаторларыбойыншажақсартуға ықпал етті. Сот жүйесі халықаралық стандарттарға сәйкестендіріледі, ол меншік құқығын кепілдендіруді, заңнамалардың тұрақтылығын арттыруды, азаматтарды құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеуді қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлық көріністерінің өрісі мен мүмкіндігін шектеу мақсатында басқару үдерісін онтайландыру мен цифрландыру, ашық сатып алу рәсімін енгізу

жоспарлануда. Бұл шаралар қолайлы әлеуметтік-экономикалық және инвестициялық ахуал қалыптастыруға барынша мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Бүгінгі таңда ел өңірлерінің дамуында тенсіздік сәтталып отыр. Өңірлердегі жан басына шаққандағы ДЖӨдеңгейініңжоғарыжәнетөмен көрсеткішінде 7 есе айырмашылық бар. Сондай-ақ елімізде халықтың орналасу тығыздығы төмен (орта есеппен 1 шаршы шақырым – 6,6 адам), урбанизация деңгейі орташа (Ресейдегі 74%, Малайзиядағы 77%-пен салыстырғанда 56,8%). Бұл әлеуметтік қызмет көрсету мен инфрақұрылым салу құнының қымбаттығына әсер етеді, қызмет көрсету саласының дамуын шектейді. Осы тектес мәселелерді шешу үшін тиісті реформа аясында өңірлердің дербестігін арттырып, халықтың тұрмыс деңгейін жақсартатырып, облыстарды экономикалық дамыту көзделуде. Осылайша қалаға қоныстану үдерісі біркелкі бола түседі. Реформаның локомитивтері тек ірі агломерациялар ғана емес, сонымен бірге орташа қалалар да болады. Нәтижесінде өңірлердің арасындағы әлеуметтік-экономикалық дамудағы алшақтық пен теңгерімсіздік азаяды.

«Рухани жаңғырудың» негізгі ұстанымдары Қазақстан Президентінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көрсетілген. Реформа бұл бастаманың заңды жалғасы және ұлттықсәйкестіктіңсақталуын,білімге бой ұру және азаматтардың сана-сезімінің ашықтығын дәріптеуді көздейді. Сөйтіп тегеурінді және еліне адал адамдардың біртұтас ұлтқа айналуына ықпал етеді.

Әлемдегі көптеген табысты реформалар мемлекеттік органдарды өзгертуден басталған. Мәселен, Сингапур елдегі басқарушылар мен менеджерлердің сапасын жақсартуды мемлекеттік қызметшілерді басқаруға оқытудан, ал



**Талғат Жиенкұлов – өнегелі отбасының иесі, парасатты азамат, білікті дәрігер, өз ісінің нағыз шебері. Ең бастысы, Алладан соң өзіне сеніп қаралған науқас жандарға мейлінше жылы сөйлеп, кішіпейілдік танытатын дағдысы да осынау сабырлы мінезді жігіт ағасының шоқтығын биіктетіп тұрғандай.**



Талғат Жиенкұлов Қазалының төл перзенті. Әкесі Алдан ғұмыр бойы теміржол салдында еңбек етіп, зейнет демалысына шықты. Марқұм артық ауыс сөзге жоқ, біртоға мінезді жан-тұғын. Өмірден өткенше адалдық қасиеттерін тү көтерді. Талғаттың анасы Көмпит темір жол ауруханасында тура 30 жыл кіші мейіркеш болып жұмыс істеп, ұжымдастарының құрметіне бөленді. Апаидың еңбек кітап-

былмай, қаңтарылып тұрған «Жедел жәрдем» көлігін ауыл ағалары көтпеп-көмектеп жүргізіп берді. Талғаттың институт қабырғасында жүргенде алғашқы көмек көрсету бағытына баса назар аударғаны қызметіне үлкен септігін тигізді. Анау-мынау

төгілді. Жетістікке жетті. Біздің кейіпкеріміз аудан көлеміндегі инемен емдеу терапиясының майталманы саналады.

Бүгінде Талғат Алданұлы Қазалы темір жол ауруханасы неврология бөлмшесінің меңгерушісі қызметін атқарады. Білгеніміз, осы жылдан бастап теміржол ауруханасы жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып қайта құрылыпты. Білікті дәрігер Құбыл Ршымбет басшылық жасайтын аурухана Қазалы, Арал, Қармақшы аудандарының халқына қызмет көрсетеді. Нейроинсульт орталығы жұмыс жасайды. Бөлімше 12 төсек-орынға арналған.

«Аталған орталық невролог, реаниматолог, кардиолог, нейрохирург, физиотерапевт, реабилитолог, психолог, логопед мамандары, орта, кіші буын мейіркешермен қамтылған. Тәулік бойы компьютерлік томография, лабораториялық зертхана, реанимация бөлімі жұмыс істейді. Науқастарға барынша жағдай жасалған» дейді І санатты невропатолог-дәрігер Талғат Жиенкұлов.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**  
Қазалы ауданы.

## ДӘРІГЕР ДӘРУІ

шасында «жұмысқа қабылданды, зейнеткерлік демалысына шықты» деген бір ғана сөйлем жазулы тұр. Міндетті жұмысына жауапкершілік деген осы шығар. Талғат Семей мемлекеттік медицина институтының емдеу ісі факультетінің түлегі. Бұлар оқуды аяқтаған шақ еліміздің еңесін толық тіктіет алмай жатқан мезгілге тап келді. Алғашқы еңбек жолын Жанқожа батыр ауылындағы дәрігерлік амбулатория меңгерушісі болып бастаған жас дәрігерді ауыл халқы жатысынған емес. Қайта биязы мінезді, тәуліктің қай бөлігінде шақырту аласа да, сырқаттың жанынан табылатын қараторы жігітке өз перзенттеріндей іш тартты. Қосалқы бөлшегі та-

жара шығу дегендерді өзі тіліп, емін жүргізе беруші еді. Мұндай әрекет те сол кездегі жоғары білім ордасынан жаңа түлеген жас дәрігердің өмірлік тәжірибесін шындай түскені хақ. Талғаттың мұнан кейінгі қызмет жолы Қазалы жедел жәрдем стансасында, аудандық емханада жалғасты. Арада өткен уақыт ағынымен емдеу саласындағы тәжірибесі де жолма түсті. Темір жол ауруханасына қызметін ауыстырғанда ел аузында «білікті дәрігер» атанған маман болатын. Жалпақ тілде «алтын ине» атанып кеткен инемен емдеу тәсілін жетік меңгеруі Талғат Алданұлының соны қыры. Әрине, бұл жетістікке жету жолында тер

## ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

Жемқорлықпен күрес мемлекет болашағы үшін стратегиялық мәнге ие. Әсіресе, бұл серпінді дамып келе жатқан біздің еліміз үшін өте маңызды. Жемқорлық – әлеуметтік құбылыс ретінде саясатты да, экономиканы да, басқару жүйесін де кері тартатын механизм. Елбасы сыбайлас жемқорлықтың мемлекет беделіне, демократиясына, ұлттық қауіпсіздігіне, экономикалық дамуына, адам құқықтарының сақталуына үлкен қауіп төндіретін дерт екенін үнемі айтып келеді.

Қазір біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлікті талап етеді. Сондықтан, елге қызмет етуде ел беделіне көлөнке түсіретін істерге жол жоқ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі №172 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік қызметтер стандартына сәйкес облыста мемлекеттік қызмет көрсету нысанының бір түрі электронды және толық автоматтандырылған. Бұл – адами факторды жоюға және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға толық мүмкіндік береді деген сөз.

Онан бөлек, «Білім туралы» Заңның

44-бабы 9-тармағына сәйкес, білім беру ұйымдарында алқалы басқару органдары құрылады делінген. Осының негізінде Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары бекітілді. Аталған қамқоршылық кеңестің мақсаты білім беруді алқалы басқару болып табылады.

Сондай-ақ, қамқоршылық кеңес қызметін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға негіз болатынын атап өткен жөн.

Тағы бір жанаалық – мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының басшыларын конкурс арқылы тағайындау кезінде білікті мамандарды іріктеу мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығымен бекітілген қағидаға өзгеріс енгізілді. Нақтырақ айтсақ, өзгеріске дейін конкурс бір кезеңнен тұрса, енді 4 кезеңмен қамтылып отыр. Бұл директордың бос лауазымына білімді де білікті маманды іріктеуге мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Сыбайластықтың алдын алудың тағы бір тетігі – педагог кадрларды аттестаттаудан өткізу. Бұрын өтінішті мектептер-

ге немесе аудандық білім бөлімдері мен облыстық басқармаға тапсырса, қазіргі таңда мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылған.

Сонымен қатар, барлық мектептерге электрондық күнделік жүйесі енгізілді. Бұл сыбайластықтың алдын алуға сеп болады. Себебі, бұрын мұғалім қағаз журналға жасырын түрде өзгерістер енгізсе, оны дәлелдеу қиын болатын. Ал, электронды күнделік жүйесінде ондайға жол жоқ.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықтың белгілері байқалған деректер бойынша білім беру ұйымдары басшыларымен ашық талқылау жүргізу ұйымдастырылуда.

Кез келген өркеніетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Алдағы уақытта да заң бұзушылықтарды болдырмау және оның алдын алу мақсатында пәрменді іс-әрекеттер жасалу туралы білім беру ұйымдарының басшыларына қатаң түрде тапсырылып, ұдайы жұмыстар жүргізілетін болады.

**Майра МЕЛДЕБЕКОВА,**  
**облыстық білім басқармасының**  
**басшысы.**

## 2018 жылдың сәуір айындағы қаржы нарығының жағдайы туралы

### Банк секторы

2018 жылдың 1 мамырындағы Қызылорда облысы аумағында 12 екінші деңгейлі банктің филиалдары, 1 Қазпошта АҚ филиалы, 11 микроқаржы ұйымы, 5 уәкілетті ұйым қызмет атқарады.

Айырбас пункттердің жалпы саны – 63, оның 43-і екінші деңгейдегі банк филиалдарының айырбас пункттері, 11 – Қазпошта АҚ айырбас пункттері және 9 уәкілетті ұйымдардың айырбас пункттері.

### Банктегі депозиттер

2018 жылдың 1 мамыр деңгейіне облыстағы депозиттер көлемі 116,5 млрд. теңгені құрап, 2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 28,4%-ға артты. Занды тұлғалардың депозиттері 27,2 млрд. теңгеге дейін өсті (+79,8%), жеке тұлғалардың депозиттері 89,3 млрд. теңгеге өсті (+18,1%).

Ұлттық валюталадағы депозиттер көлемі 19,2%-ға өсіп, 73,3 млрд. теңгені қураса, шетел валютасында 47,7%-ға өсіп, 43,2 млрд. теңгені құрады. Теңгедегі депозиттер үлесі 62,9%-ды құрады.

2018 жылдың сәуір айында ұлттық валюталадағы депозиттердің сыйақы мөлшері 9,3%, шетел валютасындағы депозиттер бойынша 1,8% құрады.

### Банктердің экономикаға несиесі

2018 жылдың 1 мамырында банктердің экономиканы несиелеу көлемі 172,4 млрд. теңгені құрады (2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15,4%-ға өскен). 2018 жылдың 2 тоқсанында берілген несиелер көлемі 14,8 млрд. теңге болды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,7 млрд. теңгеге немесе 22,7%-ға өскен.

Валюталық құрылымда ұлттық валюталадағы несиенің өсуі жалғасуда (16,5%-ға 167,9 млрд. теңгеге дейін), ал шетел валютасындағы несиелер азаюда (15,3%-ға 4,5 млрд. теңгеге дейін). Нәтижесінде, теңгедегі депозиттер көлемінің үлесі 97,4%-ды құрады.

Кіші кәсіпкерлікке берілген несиелер бойынша нақты қарыз 2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 17%-ға 26,3 млрд. теңгеге дейін өсіп, жалпы қарыздың үлес салмағы – 15,3% болып отыр.

2018 жылдың 1 мамыр деңгейіне несиелер бойынша мерзімі өткен берешектер 9,3 млрд.

### ПЕЙШТЕ НҰРЫҢ ШАЛҚЫСЫН

Осыдан бір жыл бұрын киелі Сыр елі кәдірлі азаматынан айырылды.

2017 жылдың 1 шілдесінде облысқа белгілі экономист, қаржыгер, абад азамат Мығаммар Уәйсұлы 66 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Мығаммар Уәйсұлы 1952 жылы 1 наурызда Жалағаш ауданы, Мәденіет совхозында дүниеге келген. Шымкент қаласындағы Қазақ химиялық технология институтының ауылшаруашылық құрылыс факультетін бітірген соң еңбек жолын 1979 жылы «Қызылорда сельстрой-16» тресіне қарасты ПМК-1605 мекемесінде мастеріктен бастады. 1980 жылы Жалағаш ауданындағы мемлекеттік банктің несиелеу бөлімінің экономисі, 1986 жылы облыстық қаржы басқармасында жергілікті шаруашылық салаларын қаржыландыру бөлімінің құрылыс жөніндегі аға экономисі болып қызмет атқарды. Облыстық қаржы басқармасында 21 жыл табан аудармастан абыройды еңбек етті. «Қаржы және несие» факультетін сырттай оқып, экономист мамандығын алды. Аталған басқармада аға экономист, І санатты экономист, аға маман, бас экономист, бас маман міндеттерін атқарды.

2007 жылдан бастап облыстық қазынашылық департаментіне қызметке келіп, ол жерде де абыройды еңбек етті.

Мығаммар Уәйсұлы қызметінен бөлек қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Жалағаш ауданындағы облыстық сотының штаттан тыс халық сотының мүшесі болды. Мәкен жасылық пен ізгілікті, әділдік пен туралықты түсінген жан. Адами болмысымен де ардақты еді. Кішігір қамқор, үлкенге ізетті, көпшілік, қайырымды мол ақкөңіл азамат болатын. Бар өмірін қаржы саласына арнаған жан Сыр топырағында ізін, өмірде ізгілікті іс қалдыра білді. Мәкеннің еңбегі лайықты бағаланып, кезінде бірнеше мәрте аудандық, облыстық деңгейдегі алғас қатармен, түрлі мерекелік төсбелгілермен марапатталды. Өмірлік серігі Мақтағұл Орынбаева екеуі екі ұл, бір қыз тәрбиелеп, өсіріп, артына өнегелі ұрпақ қалдырды.

Мығаммар Уәйсұлттың өмірінен өткенше жыл толуына орай артында қалған зайыбы мен балалары еске алып, жатқан жерін жайлы, топырағын торқа, жаның жұмқата болсын деп дұға етеді.

Марқұмның жылдық асы 23 маусым күні сағат 12.00-де Қызылорда қаласы «Дилар» мейрамханасында өтетінін барша ағайын-туыс, дос-жаран, құда-жеқжаттарға хабарлаймыз.

Еске алушылар: **зайыбы, балалары.**

### КІРПШІ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.

(6-1)

**«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru**

Облыстық ішкі саясат басқармасы және «Сыр медиа» ЖШС ұжымы аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы Әлима Жақыпқызы Әбдіхалықоваға інсі

**Иса Жақыпұлының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің ұжымы аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының тәрбие және білім бөлімінің басшысы Әлима Жақыпқызы Әбдіхалықоваға інісі

**Иса Жақыпұлының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

\*\*\*

«Болашақ» медицина колледжінің ұжымы колледж директоры Досжанова Шара Абдулатифқызына ағасы **Досжанов Абдуллы Абдулатұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ АЙҚЫНДАУДА КОНКУРС ӨТКІЗУДІ ХАБАРЛАУ ЖӘНЕ КОНКУРС ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ КӨШІРМЕСІН ҰСЫНУ ТУРАЛЫ

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік – жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӨ) жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығы негізінде «Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақсу ауылдық округінде дәрігерлік амбулатория құрылысы» туралы жобасын іске асыру мақсатында жекеше әріптесті айқындауда конкурс өткізілетінін хабарлайды.

**1. Жобаның мақсаты:** Жалағаш ауданы Ақсу ауылдық округінде 1 565 тұрғынға алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуде, сапалы медициналық қызметтердің көрсеткіштеріне қол жеткізу, ауруханада стационарлық ағымын түсіру және алғашқы медициналық-санитарлық көмекті жетілдіру. Медициналық құрал-жабдықтар мен технологиялық жабдықтарды қоса алғанда нысанды материалды-техникалық жарактандыру.

**2. Жобаның құны:**

МЖӨ жобасының құны – 139 199 мың теңге.

Жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес «Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақсу ауылдық округінде дәрігерлік амбулатория құрылысы» (2015 жылдың 8 мамырдағы «Мемсараптама») РМК №14-0126/15 мемлекеттік сараптама қорытындысы) ағымдағы деңгейдегі бағамен жалпы құрылысының құны 98 869,0 мың теңгені құрайды.

**3. Іске асыру мерзімі және кезеңі:**

1) инвестициялық кезең - жұмыс жобасына сәйкес МЖӨ нысанын жеке кәсіпкер 4 ай салып, мемлекет меншігіне береді; 2) инвестициялық кезеңнен кейін - МЖӨ нысанын мемлекет меншігіне беріп және жеке кәсіпкер МЖӨ нысанына қызмет көрсетеді.

Жобаны іске асыруды бастау мерзімі – 2018 жыл. Аяқталу мерзімі – 2021 жыл.

Іске асыру кезеңі:

2018 жыл 4 ай – инвестициялық кезең;

2018-2021 жылдар – 4 жыл аралығында нысанға қызмет көрсету.

**4. Мемлекеттік қолдау шаралары:**

Инвестициялық шығындардың өтемақысы (ИШӨ), 3 жыл

қолжетімділік үшін ақы төлеу.

**5. Жобаның техника-экономикалық талantarы:**

1) жер телімінің көлемі 0,3 га;

2) жалпы ауданы 369,4 м<sup>2</sup>;

**6.Басты көрсеткіштері:** Амбулатория ғимараты бір қабатты, тікбұрышты 30,0х12,3м өлшемдерімен. Ғимараттың биіктігі - 3,0м. Медициналық дәрігерлік амбулатория ғимараты функционалды түрде балалар мен ересектер жалпы практика бөлімі, күндізгі стационар, қосалқы қызмет кабинеттерінің топтарына бөлінеді.

Балалар мен ересектерді қабылдау үшін ауруханаға дейінгі қабылдау бөлмелері, медициналық қабылдау, оқу бөлмелері, процедуралық, сүзгі қорашпасы, оқшаулау бөлмесі, қышқыл жинау бөлмесі, талдау жүргізу бөлмесі, физиотерапия емдеу бөлмесі, ересектер мен балаларға арналған күндізгі стационар бөлмесі.

**7. Ұйымдастырушының байланыс деректері:** Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі, мекен-жайы Абай даңғылы, №27, 3-қабат, 310-кабинет, тел.: 8/7242/40-04-51, электронды пошта:uzdr.korda.gov.kz, жауапты орындаушының А.Т.Ө. Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және медициналық қызметтің көлемін орналастыру бөлімінің бас маманы: М.Ш. Асанова.

**8. Жоба ұсынысын берудің түпкілікті мерзімі:** 20.06.2018 ж.

\*\*\*

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік – жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӨ) жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығы негізінде «Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Ақтөбе ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулатория құрылысы» туралы жобасын іске асыру мақсатында жекеше әріптесті айқындауда конкурс өткізілетінін хабарлайды.

**1. Жобаның мақсаты:** Қармақшы ауданы Ақтөбе ауылдық округіндегі 1542 тұрғынға алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуде, сапалы медициналық қызметтердің көрсеткіштеріне қол жеткізу, ауруханада стационарлық ағымын түсіру және алғашқы медициналық-санитарлық көмекті жетілдіру. Медициналық құрал-жабдықтар мен технологиялық жабдықтарды қоса алғанда нысанды материалды-техникалық жарактандыру.

**2. Жобаның құны:**

МЖӨ жобасының құны – 127 340 мың теңге.

Жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес «Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Ақтөбе ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулатория құрылысы» (2015 жылдың 13 мамыр «Мемсараптама»

РМК №14-129/15 мемлекеттік сараптама қорытындысы) ағымдағы деңгейдегі бағамен жалпы құрылысының құны 95 636 мың теңгені құрайды.

**3. Іске асыру мерзімі және кезеңі:**

Іске асыру мерзімі:

1) инвестициялық кезең - жұмыс жобасына сәйкес МЖӨ нысанын жеке кәсіпкер 4 ай салып, мемлекет меншігіне береді;

2) инвестициялық кезеңнен кейін - МЖӨ нысанын мемлекет меншігіне беріп және жеке кәсіпкер МЖӨ нысанына қызмет көрсетеді.

Жобаны іске асыруды бастау мерзімі – 2018 жыл.

Іске асыру кезеңі:

2018 жыл 4 ай – инвестициялық кезең;

2018-2021 жылдар – 4 жыл аралығында нысанға қызмет көрсету.

**4. Мемлекеттік қолдау шаралары:**

Инвестициялық шығындардың өтемақысы (ИШӨ), 3 жыл

қолжетімділік үшін ақы төлеу.

**5.Жобаның техника-экономикалық талantarы:**

1) жер телімінің көлемі 0,3 га;

2) жалпы ауданы 369,4 м<sup>2</sup>;

**6.Басты көрсеткіштері:** Амбулатория ғимараты бір қабатты, тікбұрышты 30,0х12,3м өлшемдерімен. Ғимараттың биіктігі - 3,0м.

Медициналық дәрігерлік амбулатория ғимараты функционалды түрде балалар мен ересектер жалпы практика бөлімі, күндізгі стационар, қосалқы қызмет кабинеттерінің топтарына бөлінеді.

Балалар мен ересектерді қабылдау үшін ауруханаға дейінгі қабылдау бөлмелері, медициналық қабылдау, оқу бөлмелері, процедуралық, сүзгі қорашпасы, оқшаулау бөлмесі, қышқыл жинау бөлмесі, талдау жүргізу бөлмесі, физиотерапия емдеу бөлмесі, ересектер мен балаларға арналған күндізгі стационар бөлмесі.

**7. Ұйымдастырушының байланыс деректері:** Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі, мекен-жайы Абай даңғылы №27 3-қабат, 310-кабинет, тел.: 8/7242/40-04-51, электронды пошта:uzdr.korda.gov.kz, жауапты орындаушының А.Т.Ө. Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және медициналық қызметтің көлемін орналастыру бөлімінің бас маманы: М.Ш. Асанова.

**8. Жоба ұсынысын берудің түпкілікті мерзімі:** 20.06.2018 ж.

\*\*\*

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік – жекешелі





«Мен – қазақрун» жобасы төл өнерді төрге сүйреген таланттарды бір арнаға тоғыстыруды көздейді. Бастама аясында біздің өңірде де іріктеу кезеңі өтіп, А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде республикалық кезеңге жолдама алған үздіктер анықталды.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢГЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ

Өнерпаздар дайындықтарын сахнаға шығар алдында тағы бір пысықтады. Аздап қобалжу болды. Әйтсе де, әрқайсысы топтан дара шығуға үмітті. Төрешілер тарапынан қатысушылардың орындау шеберлігі, сахнада өзін-өзі ұстауы, қазақы үлгідегі киімі есепке алынды. Нәтижесінде республикалық байқауда өңіріміздің өзгеге ұқсамайтын өнердегі өрнегін паш ететін дарабоздар анықталды. «Үздік аймақтық термеші» номинациясын Күнсулу Түрікпен иеленсе, Әділбек Тәшенов «Үздік аймақтық күйші» атанды. Сазды дауысымен тыңдарманды еліткен Мұхамедәлі Бекпейісов «Үздік аймақтық әнші» аталымын қанжығасына байлады.

– Ұлттық арнаның ұйытқы болуымен өткізіліп отырған мега жобаның тағылымы терең, өнегесі өлшеусіз. Себебі, бұл байқауды көнеден күмбір тартқан дәстүр дәріптеліп, құндылықтар құнтталады. Бұған дейін жобаның аудандық және қалалық кезеңіне барлығы 86 үміткер қатысқан болатын. Олардың арасынан 25 өнерпаз іріктеліп, облыстық кезеңге қатысуға мүмкіндік алды. Бүгін міне, тағылымдық мәлі зор қазынамызды ұлықтап жүрген талантты жастар өнерімен тәтті етіп отыр. Айта кетейік, биыл аталған телевизиялық жобадан жаңалық көп. Тамыз-қараша айы аралығында Астана қаласында өткізілетін байқауда «Жылдың ең үздік дәстүрлі әншісі», «Жылдың ең үздік термешісі», «Жылдың



ең үздік күйшісі» аталымына лайықтылар белгілі болады. Қазақ өнерінің өрісін кеңейтетін додада SMS дауыс беру арқылы «Көрермен көзайымы – 2018» аталымының да иегері анықталмақ. Бүгінгі жүлдегерлер осындай ауқымы кең жобадан

аймақ абыройын асқақтатады деген сенім білдіреміз, – деді «Qyzylorda» телеарнасының директоры Жағыппар Қарабала. Расында, ұлттық болмысымызды бөлемсіз көрсетіп, рухымызды көтеретін халықаралық жоба әрбір қазақтың сана-

сына сәуле түсірері анық. Ол өңірлердегі есімі көпшілікке таныла қоймаған таланттардың үлкен сахнаға қадам басуына да мүмкіндік беруде.

М.СНАДИНҚЫЗЫ.

## ҰЛЫ КӨШТІҢ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚЫШҚАЛА

Ұлы Жібек жолында көне шаһарлардың қарасы көп. Көбі зерттеуді қажет етеді, аттары сақталмаған, атаулары аңыз әңгімелерден ғана кездесіп қалады. Кейбірінің аттары тіпті белгісіз. Тек осы қалалардың шеңгел басып, қарабарақ жапқан орындары ғана бағзы заманда өмір сүрген, сарайлар мен шаһарлар тұрғызыған ата-бабалар өмірін еске салады. Алайда, олар із-түссіз жоғалып кеткен жоқ. Елбасының «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары арқылы қайта жаңғыртылуда. Тарихтың өзіне айналған көне қалалардың бірі – Қышқала Сырдарияның ескі арнасының бойында орналасқан.

Түпкі аты белгісіз шаһарды 1243 жылы италян саяхатшысы Джованни Плано Карпини Қышқала атаған екен. Бүгінде облыс әкімдігінің қолдауымен аталған шаһарды «Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының мамандары аршып, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр.

– Бұл қаланың тарихи аты ұмыт қалған. XIII ғасырдың орта тұсында өмір сүрген қала 50 гектардай жерге орналасқан. Қала үлгілерінің жалпы биіктігі 1-1,5 метрлерлік, құйдірілген қыштан жасалған, бірақ 50-жылдары түгел бұзылып кеткен. Ұлы Жібек жолындағы ірі қалалардың бірі, – дейді экспедиция жетекшісі белгілі ғалым-археолог Мадияр Елеуов.

Археологтар көне шаһардың әзірге екі қазбасын ғана аршыған. Оның бірі мавзолей болса, екіншісі, шаруашылық тұрғынжай деп болжанып отыр.

– Қала мәдениеті қалыптасқан, сәулеті дамыған. Белгілі Тұмар өткелдің басында тұр. Осы жерде орналасқан барлық қалалардың орталығы



болған деген негіз бар. Мәселен, мына аршылған нысан – қала шетіндегі мавзолейдің орны. Қима өрнекпен қасбетін әрлеген, биіктігі 3 метрге жуық. Кейіннен желдің мүжінуінен, дауыл мен жаңбырдың әсерінен батысқа қарай құлаған. Қыш материалдарының негізінде жасалған қабаттардың уақытын күні бұрын анықтау қала тіршілігінің хронологиялық шеңберін XIII-XV ғасырларға жатқызуға мүмкіндік береді, – дейді зерттеуші ғалым Дөкей Талеев.

Екінші қазба керамикалық тастармен әрленген 8 бұрышты 4 гүлзар тұғыры бар ғимарат. Көлемі 23х18 метр. Бұл нысан сауда орталығы немесе мейманхана болуы ықтимал. Әлі толық арылмаған оның нобайы елордадағы Хан шағырына ұқсас болуы мүмкін деп пайымдайды зерттеушілер.

Қалашықтың бүкіл кең



аумағын алып жатқан көптеген төбешіктер мен ойпаңдар бұрынғы құрылыстың ізі болып табылады. Қаланың ізін табуға, түсінуге цифрлық үшөлшемді топографиялық бөлшектік түсіру мен биіктен түсірілген суреттер мүмкіндік берген.

Қалашықтың ашылуы, онда қазба жұмыстарының жүргізілуі нәтижесінде орта ғасырдағы бай тарихымыз там-тұмдап болса да қайта оралып отыр. Мамандар алдағы уақытта ежелгі қаланың орнын туристік нысанға айналдыруға болатынын айтады.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,  
«Сыр бойы».  
Сырдария ауданы.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МЕРЕЙЛІ МӘРТЕБЕ

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы «Мемлекеттік қызмет туралы» заң күші бар Жарлығы мемлекеттік қызметке арналған бірінші нормативтік құқықтық акт болды. Ал 1999 жылғы 23 шілдеде қабылданған өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жетілдіріле түсті. Мемлекеттік қызметтің қазақстандық жаңа моделі Елбасының 2011 жылғы шілдеде бекіткен тұжырымдама негізінде пайда болып, 2013 жылдан жұмыс істей бастады. Ал 2013 жылғы 26 наурызда «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңдағы түбегейлі жаңа өзгерістер қолданысқа енгізілді. 2012

жылдың 14 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданып, ол 2013 жылдың 26 наурызынан бастап күшіне енді. Енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің 3 санаты көзделген. Бұл – саяси мемлекеттік қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері және «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері.

Мемлекеттік қызмет саласына көп өзгерістер енгізген. Қазақстан Респуб-

ликасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам бағдарламасында айқын көрсетілген.

Жемқорлыққа қарсы күрес Ұлт Жоспарында көрініс тапқан. Сонымен қатар Ұлт Жоспарында мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылдау 14-қадамда, мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін іс басындағы мемлекеттік қызметкерлерді кешенді аттестаттаудан өткізу мәселелері 15-қадамда сипатталған. Елбасының «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформа-

ны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бағдарламасын халыққа насихаттап жеткізу, көрсетілген міндеттерді орындау – мемлекеттік қызметшілердің басты міндеттерінің бірі.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы санаға сілкініс жасап, құндылықтарымызды қадрлей білуге шақырды. Мақала негізінде елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Мақала ұлттық бірегейлікті сақтау, азаматтар санасының

ашықтығы мен білімге баулуын дәріптеу, прагматизм, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, қоғамдық сана-ны жаңғыртудың маңыздылығын алға тартады. Бұл қасиеттер заманауи қазақстандықтардың негізгі бағыты болуы қажет. Мақалада көрсетілген міндеттерді жүзеге асыруда мемлекеттік қызмет саласындағы азаматтар қосатын үлес көп болмақ.

Марат НҰРМАҒАМБЕТОВ,  
облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы басшысының орынбасары.

## МСҚ: ЖАРНА ТӨЛЕУДЕГІ ЖАҢАЛЫҚ

Қызылорда қалалық ауруханасында «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы А.Рахымов міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу мерзімінің 2020 жылдың 1 қаңтарына шегерілуіне байланысты аурухана қызметкерлері арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Жиында А.Рахымов жұмыс берушілер үшін МСҚ-ға аударатын аударымдар мөлшерінің өзгермейтінін және жеке тұлғалар 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін жарна төлеуден босатылатынын айтып өтті. Сондай-ақ, азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде табыс табатын тұлғалар төлейтін жарна мөлшерінің төмендетілгені белгілі болды. Олар 2020 жылдан бастап табыстың 1 пайызы, 2021 жылдан бастап 2 пайызы көлемінде жарна төлейді. 2018-2019 жылдары олардың табысынан жарна ұсталмайды.

Ал, жеке кәсіпкерлер 2018-2019 жылдары өзі үшін жарна аудармайды. Бірақ, қарамағындағы қызметкерлер үшін жұмыс беруші ретінде жарна аударуды тоқтатпайды (2018-2019 жылдары 1,5%, 2020 жылдан бастап – 2%).

Мемлекет жекелеген санаттағы азаматтар үшін жарнаны 2020 жылдан бастап аудармайды. Аударылатын жарна мөлшері оған дейінгі екі жылға бекітілген орташа айлық жалақының 4 пайызын құрамақ («Міндетті медициналық сақтандыру туралы» заңның 26-бабы 2,3 тармақтары).

Сондай-ақ, жиында Елбасы Жолдауының 7-ші міндетінде нақтыланған «Адами капитал – жаңғыру негізі», ағымдағы жылы ТМҚКК бойынша сатып алынған медициналық қызметтер, азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктері жөнінде халықты ақпараттандыру, оның ішінде, ҚР аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың медициналық көмек алуға еркін таңдау құқығы және «МСҚ: Халықтық бақылау» мобилді қосымшасы туралы нақты әрі жан-жақты ақпараттар беріліп, түсіндірілді.

Барлыбек БАТЫР.

ТҮҒАН ЖЕР

## ТҮЛЕКТЕР ТАРТУУЫ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласынан туындайтын «Туған жер» бағдарламасының орны ерекше. Бағдарламаны қолдаған азаматтардың ұйымдастыруымен көптеген игі істер атқарылуда. Жұырда Жаңақорған ауданындағы Кейден ауылында осындай жиын өтті.

Аядай ғана ауылдағы сегізжылдық білім ошағы 1967 жылы ашылыпты. Әу бастан 4 жылдық мектепті 8 жылдыққа айналдыру бастамасын көтерген ұстаз Ерғешбай Кенжебайұлы осы білім ошағына басшылық етіпті. Мектепте Тынысбек Зұлпықарұлы, Айдар Тұрабаев, Арқабай Нұржанов, Садыр Ақбаев сынды білікті ұстаздар еңбек етті. Қаншама ауылдың қара домалақтарын оқытып, үлкен өмірге қанаттандырды. Бүгінде сол шәкірттері түрлі салада еңбек етуде. Кейін мектеп 11 жылдық білім беру жүйесіне көшіп, заман талабына сай жаңа ғимаратқа орналасты.

Биыл мектептің құрылғанына – 50 жыл. Мерейтой қарсаңында білім ошағын жарты ғасыр бұрын бітірген алғашқы түлектер туған жерге, алтын ұя мектебіне жиналды. Ауылда жастықтын, балалық шақтың, ауылға, алтын ұяға деген сағыныштың, ұстаз бен шәкірт сағынышы, туған елге деген патриоттық сезімнің тойы дүркіреп өтті. Түлектер игі істің бастауын көрсетіп, кейінгі ұрпаққа өнеге танытты. Мектепті алғаш бітірген түлектердің бүгінде самайынақ қырау шалған, жастары 60-тың ішін аралаған. Түрлі салада еңбек етіп, қазіргі кезде бейнеттің зейнетін көріп, немересінің маңдайынан иіскеп отырған ардақты әже-ата. Жалпы, бір сыныпта 3-4 белсенді бала болады. Олар барлық іс-шаралардың ұйытқысына айналды. Осы істің ұйымдастырылуына атсалысқан 1967-1968 жылғы түлектердің ішінде Тұрсынай Барақбаева, Закира Жүсіпова, Мыңбай Мырзабаев, Бәкір Әбжанпаров сынды шәкірттер болды.

Туған мекенге келген түлектер алдымен өздерінің балалық шағы өткен ауылды аралап шықты. Ауыл тіршілігі түлеген, көзге жылы ұшырайды. «Осы ауылда туып-өстім,

мектепте білім алдым. Қайда жүрсем де осы ауыл, осы мектеп, осы үй ойыман бір сөз шықпай емес. Балалық шағым бақытты өтті. Тек шаңыраумен келемін», – деді Закира Жүсіпова. Салтанатты шара мектепте өтетін жиынан басталды. Мектептің қосымша үйірмелеріне қатысатын оқушылар ақ қойлек, ақ бантик тағып, ән-жыр дан шашу шашты. Бүгінде жасы алпыстан асқандар балалық шағы мектеп қабырғасындағы естеліктері мен ұстаздарының ұлағатты тәрбиесі жайында әңгімеледі. Жарты ғасырда мектепті бірнеше директор басқарыпты.

Түлектер ұстаздарға, білім ошағына сый-сияпат жасады. Алғаш әріп үйретіп, білім нәрімен сусындатып, үлкен өмірге қанаттандырды.

– Мектепке мұғалім етіп Ерғешбай ағайдың өзі қабылдап алды. Ол кезде ер мұғалімдер көп, қыздар аз болатын. Алдымен бастауышта сабақ бердім, кейін жоғары сынып оқушыларын тәрбиеледім. Ұстаздарым маған бәрін үйретті. Шыңдады, талап етті. Нағыз маман болып қалыптасуға бауылды. Міне, 40 жылдан астам уақыт білім саласында еңбек етіп, бүгінде зейнетке шықтым, – дейді Тұрсынай Барақбаева.

Түлектер ұстаздарға, білім ошағына сый-сияпат жасады. Алғаш әріп үйретіп, білім нәрімен сусындатып, үлкен өмірге қанаттандырды.

– Мектепке мұғалім етіп Ерғешбай ағайдың өзі қабылдап алды. Ол кезде ер мұғалімдер көп, қыздар аз болатын. Алдымен бастауышта сабақ бердім, кейін жоғары сынып оқушыларын тәрбиеледім. Ұстаздарым маған бәрін үйретті. Шыңдады, талап етті. Нағыз маман болып қалыптасуға бауылды. Міне, 40 жылдан астам уақыт білім саласында еңбек етіп, бүгінде зейнетке шықтым, – дейді Тұрсынай Барақбаева.



Барақбаева ұстазының жолын жалғады. Өзі оқыған білім ошағында алғашқы еңбек жолын бастады. Талай шәкіртті білім нәрімен сусындатып, үлкен өмірге қанаттандырды.

– Мектепке мұғалім етіп Ерғешбай ағайдың өзі қабылдап алды. Ол кезде ер мұғалімдер көп, қыздар аз болатын. Алдымен бастауышта сабақ бердім, кейін жоғары сынып оқушыларын тәрбиеледім. Ұстаздарым маған бәрін үйретті. Шыңдады, талап етті. Нағыз маман болып қалыптасуға бауылды. Міне, 40 жылдан астам уақыт білім саласында еңбек етіп, бүгінде зейнетке шықтым, – дейді Тұрсынай Барақбаева.

## МЕРЕКЕ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Мемлекеттік қызметші күніне орай аймақта жүгіруден қайырымдылық жарысы өтті. «Алға басу – Движение вперед!» атты шараға мемлекеттік қызметшілер мен қала тұрғындары қатысып, салауатты өмір салтын насихаттауға өз үлестерін қосты.

Шараның мақсаты – Елбасының Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес бұқаралық спортты дамыту, мемлекеттік қызметкерлерді спортқа баулу, жарысқа қатысушылардың шеберлігін шыңдау, «Дом» қайырымдылық қорына қолдау көрсету болды. Айтулы жүгіру жарысы бір стартпен, бір күнде, бір уақытта, барлық облыс орталықтарында, Астана, Алма-

ты қалаларында да ұйымдастырылды.

Жарысқа қатысушылар «Достық үйі» алдынан бастап, «Евразия» СК жанына дейін жүгіріп, мәреге жетті. Жарыс нәтижесі бойынша әйелдер арасында Перизат Жұбанова (25-31 жас), Марфуга Нұрболотова (32-39 жас), Фаридат Айсаяуытова (40-49 жас), Әлия Абдуманова (50-59 жас) бірінші келсе, ерлер арасында Самат Борашев (25-31 жас), Бақытжан Тәшенов (32-39 жас), Серік Айбосынов (40-49 жас), Александр Ким (60-69 жас) көш бастады. Шара соңында жеңімпаздар марапатталды.

М.ОТАРАЛЫ.



## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, ІЗДЕУ САЛАМЫЗ!

Алдажанов Тағат Жарылқасинович, 09.10.1973 жылы туылған, Қазақстан Республикасы Қызылорда қаласының тумасы, ұлты – қазақ, ҚР ҚК-нің 193-бабы 3-бөлімі «в», 183-бабы 2-бөлімі «а,б», 24-бабы, 190-бабы 2-бөлімі, 209-бабы 1-бөлігімен көзделген қылмысты жасағаны үшін айыпталушы, іздеуіне түрі «халықаралық», бұлтартпау шарасы «қамауға алу».

Тол құжатты: жеке күзлік №010573160 ҚР ПМ 02.11.1999 жылы берілген, паспорты №2560834 ҚР ПМ 02.11.1999 жылы берілген, ЖСН №731009301983. Белгілері: бойы 180-185 см., орташа денелі, шашы қара, ерекше белгілері жоқ.

Іздеуде жүрген тұлғаның мекен-жайын білген немесе оның орналасуы мүмкін жерлері туралы қандай да ақпараттар анықталған жағдайда

іздістіруге ынталы Қызылорда облысы бойынша МКД-ға хабарлаңыздар. Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Есенов көшесі №16. Құпиялық пен сыйақыға кепілдік береміз. Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің (іздеуіне тобы) байланыс телефондары: 8 (7242) 21-54-65, кезекші бөлім, ұялы телефондар: 8-777-5301515, 8-707-5301515, 8-700-5301515.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті.

Кезекші редактор Ғазиза ӘБІЛДА.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 30315  
Тапсырыс №939

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі  
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР  
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі –  
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43  
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41 экономика – 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат – 70-00-73 жарнама – 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38, компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні № 12993-Ғ, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz